ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 шілде іс №4360-24-00-2/1382 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы А.Қ.Жақыпбектің қатысуымен мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Пернебековна» атауымен әрекет етуші Ракаева Калыгуль Пернебековна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Б.Имантаев,
Талап қоюшының өкілі Н.Алдабергенова,
Жауапкер өкілі А.Шалекенов, аудармашы М.Тогизбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 3 мамырда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №31 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 722 999 теңгеге Инстаграмм, Тикток әлеуметтік желілерінде рухани, ұлттық құндылықтар және салт-дәстүрлерге бағытталған бейнематериалдарды шарт күшіне енген күннен бастап ай сайын жыл бойы орналастыруға міндеттенген.

Шарт қазынашылық органында 5 мамыр 2024 жылы тіркелген.

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 11.08.2024

Қуатқа қол қойылған: Бержанов К.М., 09.07.2024

Шарттың қосымшасына сай жауапкер 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни, 21 мамыр 2024 жылға дейін көрсетілетін қызметтер бойынша бейнематериалдарды орналастыру мерзімі және Инстаграмм, Тикток әлеуметтік желілеріндегі парақшалар бойынша егжей-тегжейлі жоспар әзірлеу және тапсырыс берушінің келісімі бойынша бекітуге міндетті болған.

Алайда, жауапкер бұл міндетін орындамаған.

Жауапкер тарапы міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты талап қоюшы шартты біржақты бұзу туралы 27 мамыр 2024 жылы хабарлама жолдаған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және алты күнге 4338 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде талаппен келіспейтінін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Н.Алдабергенова талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын, 16 күн ішінде жоспар ұсыну қажет екенін, жоспар ұсынбағанын, ешқандай жұмыс жасамағанын, хабарламаны портал арқылы жібергенін, мекеменің мекенжайы мен электрондық поштасы порталда тұрғанын, жұмыс телефондары үнемі қосылып тұрғанын, жауапкердің уәждері негізсіз екенін, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі А.Шалекенов талап қоюмен келіспей, өз түсінігінде талап қоюшы тарапынан мекенжайы мен электрондық поштасын сұрағанын, олар бермегенін, өздерінің кешігіп қалғанын мойындайтынын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Б.Имантаев талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне

Қуатқа қол қойылған Берманов К.М. 09.07.2024
1360-24-3-1/1406

енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай тараптар арасында жасалған 2024 жылғы 3 мамырдағы №31 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша жауапкер жалпы сомасы 722 999 теңгеге Инстаграмм, Тикток әлеуметтік желілерінде рухани, ұлттық құндылықтар және салт-дәстүрлерге бағытталған бейнематериалдарды жыл бойы және ай сайын орналастыруға тиіс болған.

Осы шарт талаптарына сай шарт жасалғаннан кейін жауапкер 16 күнтізбелік күн ішінде көрсетілетін қызметтер бойынша бейнематериалдарды орналастыру мерзімі және Инстаграмм, Тикток әлеуметтік желілеріндегі парақшалар бойынша егжей-тегжейлі жоспар әзірлеу және тапсырыс берушінің келісімі бойынша бекітуге міндетті болған.

Алайда, жауапкер шарт талаптарына сай 21 мамыр 2024 жылға дейін жоспар әзірлеп, талап қоюшыға ұсынбаған.

Жауапкер тарапы талап коюшы жоспарды ұсыну үшін мекенжайы мен электрондық поштасын ұсынбағанын көрсеткен.

Сот жауапкер тарапының уәжі негізсіз деп табады.

Тапсырыс берушінің мекенжайы мен электрондық пошта мәліметтері мемлекеттік сатып алу шартында және порталында көрсетілген.

Сот отырысында жауапкер тарапы шарт талаптарына сай бейнематериалдарды орналастыру мерзімі және Инстаграмм, Тикток әлеуметтік желілеріндегі парақшалар бойынша егжей-тегжейлі жоспар ұсынбағандығы анықталады.

Яғни, жауапкер тарапынан шарт талаптарын тиісінше орындамау фактісі анықталған.

Тапсырыс беруші 27 мамыр 2024 жылы шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдап, шарт 26 маусым 2024 жылы бұзылған.

Жауапкер тарапы шартты біржақты бұзуды дауламаған.

Бұндай жағдайда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға толық негіз бар деген тұжырымға келеді.

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 11.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 11.08.2024

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 27 мамырында жүгінген.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өндіріп алатыны бекітілген.

Талап қоюшы алты күнге 4338 теңге тұрақсыздық айып есептеген.

Сот талап қоюшының есебімен келіседі.

Бұндай жағдайда жауапкерден 4338 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1976 теңге мемлекеттік баж алым сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Пернебековна» атауымен әрекет етуші Ракаева Калыгуль Пернебековна жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Пернебековна» атауымен әрекет етуші Ракаева Калыгуль Пернебековна жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Пернебековна» атауымен әрекет етуші Ракаева Калыгуль Пернебековна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 4338(торт мың үш жүз отыз сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және сот

Құжатқа қол қойылған Бержанова К.М. 09.07.2024
1360-24-3-1/1406

шығыны 1976(бір мың тоғыз жүз жетпіс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Көшірме дұрыс

Судья **Қ.М.Бержанов**

Анықтама

Шешім заңды күшіне 09.08.2024 жылы енді

Судья **Қ.М.Бержанов**

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 11.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 11.08.2024